

"Ақмола облысы білім басқармасының
Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі
Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы
Жібек жолы ауылының
жалпы орта білім беретін мектебі" КММ

Мектеп педагог-психологы
Ташетова Назгуль Булекбаевнаның
2020-2021 оқу жылына жұмыс есебі





2020-2021 оқу жылы

Қыркүйек айында педагог-психолог жұмысының жылдық жұмыс жоспарын құрастырдым. Жылдық жоспар негізінде айлық жоспарлар мен апталық циклограмма жасадым. Мектеп педагог-психологы жұмысының нормативтік-құқықтық құжаттарының тізімі негізінде оқушылардың жеке психологиялық-педагогикалық карталарын толықтыру жұмыстарын бастадым.

Өз білімімді жетілдіру мақсатында «Жасөспірімдер арасында интернет тәуелділіктің алдын алу», «Берекелі отбасын қалыптастыруды психологиялық қолдау» вебинарларына, «Инклюзивті білім беруде психологиялық жұмысты ұйымдастыру» семинар-тренингке қатыстым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген психологтардың біліктілігін арттыру курсына, «Жасөспірімдердің психологиялық тұрақтылығын психологиялық-педагогикалық түзету» курсынан өттім.

Қараша айында аудандық «Ең үздік жыл психологы» конкурсынан жүлделі I орын, облыстық «Үздік психолог» конкурсында II орын иеленіп, Республикалық Дарын ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Үздік психолог» конкурсында қатысушы сертификатына ие болдым.

Ақпан айында педагог-психологтар арасында аудандық семинар өткізілді. Семинарда мектебіміздің атынан "Девиантты мінез-құлықтағы оқушылармен педагогикалық-психологиялық жұмыс" тақырыбында баяндама жасалды. Мақсаты: мектептегі оқушылардың девиантты мінез-құлқының алдын алу үшін іс-шаралар қолдану бойынша тәжірибемен бөлісу.



Оқушылармен жүргізілген жұмыс

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін сүйемелдеу мақсатында сынып чаттарына арнайы дайындаған бейнероликтерді ұсындым.

5 сынып оқушылары мен ата-аналарына орта буынға бейімделу кезеңіне пайдалы КЕҢЕСТЕР

- Баланызбен бірге күн тәртібін жасаңыз;
- Әр кезде баланың қорғаушысы әрі кеңесшісі болыңыз;
- Сабырлық пен шыдамдылық танытыңыз;
- Балаға бағыт-бағдар беруге көмектесіңіз;
- Оқу құралдарымен, оқу орнымен камтамасыз етіңіз;

Нені ескеру қажет:

- Сабақтың басталу уақытын;
- Сабақ кестесі оқушының жұмыс орнында болу керек;
- Сабақтарға қатан түрде уақытында қатысу;
- Компьютер, телефон толығымен зарядтаулы дайын тұруы тиіс;
- Оқу құралдарын кешке дайындап қойыңыз.

Сабақ өтіп жатқанда:

- Бөлмеде тыныштық сақталуы тиіс, сыртқы дыбыстар естілмес үшін арнайы батырма арқылы дыбысты сөндіріп қойыңыз;
- Сабақ барысында оқушылардың бөлмеден шықпауы, басқа бөгде заттарға алаңдамауы, онлайн сабақтан шығып кетпеуі назарда болуы тиіс;
- Егер мұғалім сұрақ қойса арнайы батырманы басып, жауап бере аласыз. (ZOOM болғанда)

5 сынып жана қадамдардың бастамасы. Өз жолыңыздағы сәтсіздіктеріңіз бен қателіктеріңізден қорықпаныз. Жетістіктеріңіз бен жетістіктеріңіз туралы айтып ата-аналармен, ұстаздармен бөлісіңіз!

5 сынып оқушыларымен орта буынға бейімдеу жұмыстары бойынша сонымен қатар, онлайн форматта кеңес беру жадынамалары, бейнероликтер таратылды. Ата-аналарға мектеп дезадаптациясының алдын алуы бойынша кеңестер берілді. Сұрау бойынша жеке кеңестер жүргізілді.

«Баланың сабаққа деген мотивациясын қалай көтеруге болатыны жайында»

- ✓ Баланызбен мектепке бару мен білім алудың маңыздылығын талқылаңыз. Бұл өте маңызды.
- ✓ Балаға үй тапсырмасын және қандай да бір өзі орындау керек жобаның берілген, берілмегенін сұраңыз.

«Баланың сабаққа деген мотивациясын қалай көтеруге болатыны жайында»

- ✓ Мүмкіндігінше бала білім алудың нақтылы неге қажеттігін білу керек. (Маған мұны білудің қажеті қанша, өмірде оны қалай пайдаланамын)
- ✓ Баланы малақтаудың әдісін ойлап табыңыз (бүкіл отбасының алдында мақтау). Оған мотивация болатындай баланың нақтылы іс-әрекетін мақтаңыз.
- ✓ Мектепте жаңа білім алуына ынталандырыңыз.
- ✓ Баланы жақсы көріңіз.


«Кітап оқуға деген қызығушылықты қалай оятуға болады?!»

- Бір-біріңізге кезектесіп әңгімелер, қызықты оқиғалар оқыңыздар. Теледидар көрудің орнына уақытты кітап оқумен өткізіңіз.
- Оқуды қалай бағалайтыныңызды көрсетіңіз: кітаптар сатып алыңыз, кітап сыйға тартыңыз.
- Баланың өзі оқыған кітаптары туралы пікірін сұрап отырыңыз.



Қазан айының жоспары бойынша 5 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Оқу мотивациясын тексеруге арналған сауалнама Н.Г.Лусканов әдістемесі бойынша өткізілді. Барлығы 135 оқушыдан 126 оқушы қатысты. Әрбір шкала бойынша %-дық көрсеткіштер:

- Мектепке оң көзқарас – 92,9%
- Сабаққа деген құштарлық – 82,5%
- Үй тапсырмасын орындауға ынтаның болуы – 81,7%
- Сыныптастары арасында өзін жақсы сезінуі – 90%



5 сынып оқушыларымен «Өмірдің жеті кереметі» атты онлайн тренинг өтіп, балалар өз ойларын жазып жіберді. Мақсаты оқушыларға өмірлік құндылықтарды баули отырып, жетістіктерге жетуге ынталандыру.





6 сынып оқушыларынан пән таңдауға арналған сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі сынып жетекшілеріне ақпарат ретінде беріледі.

6, 7 сыныптармен оқу танымдық қабілеттерін, өз-өзіне сенімділіктерін жоғарылату, стресске қарсы тұра білуге тәрбиелеу мақсатында бейнероликтер жіберілді.

Оқушылардың онлайн оқуда мазасыздану деңгейін төмендету мақсатында 6-11 сынып оқушыларына «Қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша психологиялық кеңестер» слайд-шоулар жіберілді.

Буллинг, кибербуллинг туралы түсінік беру мақсатымен 6-11 сынып оқушыларына видеоролик көрсетілді.

Республикалық «Қауіпсіз мектеп ортасы» акциясы негізінде бейнеролик жасап, сыныптарға жібердім. Мақсаты оқушылардың балаларға қолданылатын зорлық-зомбылық әрекеттерінен сақтап қалу.

Қазақстан Республикасында денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу

Акцияның мақсаты:

- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу;
- профилактикалық қауіпсіздік шараларын жетілдіру.

Зорлық-зомбылықтың алдын алу:

- Кошеде түнге дейін жүрмеу, үлкендердің ақылын тыңдау;
- Кошенің қараңғы жерлерімен жүрмеу;
- Танымайтын көліктерге отырмау;
- Бейтаныс адамдармен жақын сөйлеспеу;
- Жанжал туындаған сәтте сабырлықпен шешу;
- Ұрыс, төбелестің куәсі болған жағдайда үлкендерге айту немесе полицияға жүгіну.



«Жасөспірімдердің физикалық-психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы бойынша 8, 9, 10, 11 сыныптардан сауалнама алу жұмыстары жүргізілуде. Сауалнама нәтижесі қараша айында анықталады.

«Қызылжар Абай ОМ» ҚҚ бағдарламасы бойынша кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу және стресске қарсы тұра білуге тәрбиелеу, агрессияны жеңу жолдарын үйрету мақсатында бейнероликтер жіберілді.

МЕН ӨЗ СЕЗІМДЕРІМДІ ҚАЛАЙ РЕТТЕЙ АЛАМЫН?

Мәселерден қашқаннан гөрі онымен бетпе-бет кездесіңіз

Өзіңізді қалай сезініп отырсыз? Осы сәттегі өз сезіміңізді жазып, онымен ойна. Осы сәттегі өз сезіміңізді жазып, онымен ойна.

Өзіңізді қалай сезініп отырсыз? Осы сәттегі өз сезіміңізді жазып, онымен ойна. Осы сәттегі өз сезіміңізді жазып, онымен ойна.

Өзіңізді қалай сезініп отырсыз? Осы сәттегі өз сезіміңізді жазып, онымен ойна. Осы сәттегі өз сезіміңізді жазып, онымен ойна.


БОЙЫМДЫ ЖАҒЫМСЫЗ ЭМОЦИЯЛАР БИЛЕП АЛСА, НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Өзіңді сабырға шақыр. 10-ға дейін сана. Ең далада/орманда/үйде жастыққа айғайла. Өзің сенетін адаммен сөйлес. Өз сезімдерін туралы айтып бер. Бәрін үйдегі сүйікті жануарыңа (мысыққа, итке, т.б.) айтып бер, онымен ойна. Бәрін сүйікті ойыншығыңа (фотосуреттегі адамға) айтып бер.

Аквариумдегі балықтарға, жанып жатқан отқа (балауызға), ағып жатқан суға қара. Спортпен айналыс, серуенде. Ұйықта. Жылап ал. Оңаша қалып көр. Өлең жазып көр. Көңілді өн айтып көр. Босаңсытатын жаттығу жаса.

Ойдағы бейнелер

- Босаңсуға арналған көңілді жайландыратын көріністі көзге елестету
- Мысалы, өзіңізге мейлінше ыңғайлы болатын жайлы орынды елестетіңіз. Ол орман, теңіз, көгал, өз бөлмеңіз, ошақтың алды, т.б. болуы мүмкін.



10 сынып оқушыларының бейімделу үдерісіне профилактикалық кеңестер беру мақсатында сынып чаттарына жадынамалар таратылды. Оқушылармен онлайн форматта кеңес беру әдісі орнатылды.

«Жасөспірімдердің физикалық-психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы (суицидтің алдын алу) бойынша сынып жетекшілермен ағарту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар осы бағдарлама бойынша ата-аналарға да ақпарат таратылып, жеке кеңестер жүргізілуде.

Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы
Психологтың ата-аналармен кездесуі



БАЛАМНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАЛАЙ КҮТІМ КӨРСЕТЕ АЛАМЫН?

- Балаларға мықты, қамқор қарым-қатынастар құруға көмектесіңіз
- Балалар өзін жақсы сезінуі үшін оларға өз қадір-қасиетін бағалау сезімін дамытуға көмектесіңіз
- Оларға құлақ салыңыз және сезімдерін құрметтеңіз
- Үйде қауіпсіз және жайлы орта қалыптастырыңыз
- Қиын жағдайларда балаларға және жастарға мәселелерін шешуге көмектесіңіз



МАҚТАУ. КӨМЕК. ҚОЛДАУ.

3.1 БАЛАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН БАСҚАРУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ҚҰПИЯЛАР

1. ДҰРЫС МАҚТАҒЫЗ

Үш маңызды ережені ұстаңыз:

- * Нені **көріп тұрғаныңызды** сипаттаңыз: әдемі әріптер, таза киім, жинағы үстел, т.б.
- * Соған байланысты **нені сезіп тұрғаныңызды** сипаттаңыз: қуаныш, шаттық, рақат, қандығаттану, т.б. — тек ұнамды сезім!
- * Баланың мақсаты: лайық мінез-құлық аталмыш жағдайда көрсеткен қасиетті білдіретін сөзбен қорытындылаңыз: ұрлықтық, тартиптік, шыдамдылық, ынтымақтық, шапшаңдық, өтілгі, тапқырлық, т.б.

Есіңізде болсын: мақтау ұнамды қасиетті нығайтуы және дамуға ынталандыруы тиіс.

2. КӨМЕКТЕСІҢІЗ

Көмек — ең алдымен **ҚОЛГАБЫС ЕТУ**, бала мен ата-ананың **БІРГЕ** ережелер етуі, бала істейді, ал ересек адам қалай шешім табу жерек екенін дәлелдей отырады. Ересектер көбінесе баланың **ОРНЫНА** істей салады (солдай тезірек, жүйке азырақ тозады, т.б.).

Бұл баланың өзін төмен бағалауына, өзіне деген сенімділігі және ынтымағын жоғалтуға («Мен жолым болмайды», «Менің қолымнан келебеді»), әлемді жағымсыз көйпте қабылдауға және арқа сүйелділік ұстануына («Бәрі менің орным істей салады») қалыптасуына апарды. Нәтижесі: қиындық, айла-шарғы жасау, үй тапсырмасын әдейі көш орындау, т.б.

Балаға **өмірлік дағдыларды өз бетінше игеруге** мүмкіндік беріңіз, өзіңіз тек қалай істеуге болатынын айтып отырыңыз және жаңа дағдыны міндеттеуге көмектесіп отырыңыз. Бәрі тез және бірден болд кетпеді, бірақ, нәтижесін кіресіз — бала күрделі істерді өз бетінше атқара бастайды.

БҰЙРЫҚ. ӨТІНІШ. ТАПСЫРМА.

1 БАЛАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН БАСҚАРУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ҚҰПИЯЛАР

1. Қарым-қатынастан бұйрықты алып тастаңыз

2. Бұйрықты өтінішпен алмастырыңыз

3. Тапсырма беріңіз

Мен бұйырамын ба, әлде өтінемін бе?

Өтініш берерде өзіңізден сұраңыз: өтінішіңізге «жоқ» немесе «жоқ, көмектеспеймін», «жоқ, уақытым жоқ», «жоқ, өзімнің жұмыстарым бар» деген жауап естуге дайынсыз ба? Егер жауабыңыз «жоқ» болса, онда бұйрық беріп тұрсыз.

Бұйрық «жоқ» деген жауапты көтере алмайды.

Демек, балаңыз қатал ережелермен өмір сүреді және оған сізге «жоқ» деуге болмайды. Мұндай жағдайда балаңызға түрлі қорқыныштар айнымас серік болуы мүмкін. Егер «Маған қоқыс шығаруға көмектесіп жіберші, өтінемін» деген өтінішіңізге балаңыздың «Жоқ, көмектескім келмейді» деген жауабын естуге дайын болсаңыз, демек, шынымен өтініш білдіресті және балаңызға таңдау құқығын бере аласыз.

Тапсырма

Бірнеше ережелерге сай болуы тиіс:

1. Бала тапсырманы өз бетінше орындай алуы тиіс.
2. Тапсырма әлдебір іс үшін жазалау емес, басқа отбасы мүшелеріне жүктелген міндет сияқты маңызды бірдей іс.
3. Тапсырма оны орындау не үшін маңызды екенін түсіндіре отырып беріледі және болашаққа бағыт сілтеумен қуатталады. Мысалы, «Сабағыңды оқып болған соң, өтінемін, оқу құралдарыңды сереге жинап қойшы. Сонда бөлмең үнемі жинақы болады, оған кірген сайын да көз қуанады».

СИПАУ. ШЫДАУ. ОЙЛАНУ.

2 БАЛАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН БАСҚАРУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ҚҰПИЯЛАР

Қолайсыздықтарды бастан өткеруге қалай көмектесуі керек?

Егер баланың жанында болсаңыз, қолайсыздықтарды [тілті дәл сол сәтте олар сізге қолайсыздықтар болып көрінбесе де] бастан өткеруге қолдау білдіріңіз:

1. Сипау.

Жанында болыңыз, баланы қолайсыздықтармен және басынан өтіп жатқан сезімдермен оңаша қалдырмаңыз. Көптен де, сөзбен де сипауға болады, мысалы: «Иә, жанға батады әкем». Немесе бір белгілер ойлап табыңыз: егер қолыңды үш рет кыссам, «Сені жақсы көремін» дегенді білдіреді. Осылайша үнісі де сипауға болады. Сізге және балаңызға ынғейлі сипау әдісін таңдаңыздар.

2. Балаға жанына бататын сезімдерді өңсеруге үйретіңіз:

Кез-келген сезім уақытша әкемнің және өтіп кететінін айтып беріңіз. Егер жанға батса, жағымсыз болса, мұнайса, кішкене шыдау керек, мысалы, 10 дейін санауға, жараны 5 рет үрлеуге болады, т.б.

3. Ойлану: осындай жайт орын алмауы үшін нені басқаша істеуге болар еді?


Бала сабыра келген соң, осы сұрақты қояңыз. Виктимал шешімдерді бірге іздеп жергіздер. Жауап іздеуіні омынға айналыраңыз. Ересектердің өзі осы ережелерді өздеріне қатысты қолдана бастап, кейін балаға үйретуі маңызды.

Балаға қолдау және көмек


Қарым-қатынас үшін ұсынылмайтын тіркестер:	Қарым-қатынас үшін ұсынылатын тіркестер:
<ul style="list-style-type: none"> - Мен саған мың рет айттым... - Қанша рет қайталау керек... - Сен осы не туралы ойлайсың... - Мұны да есте сақтау қиын ба... - Сен бара бара..... болып барасың - Сен де дәл сол сияқты.... - Мазамды алма, менің уақытым жоқ... - Неге Әсел (Арман, Жәния және т.б.) осындай, Ал сен-жоқ... 	<ul style="list-style-type: none"> - Сен менің ақылдым, әдемім (және т.б.). - Сенің менде бар болғаның қандай жақсы. - Жарайсың. - Мен сені өте жақсы көремін. - Сен мұны қалай жақсы жасадың, маған да үйретші. - Рахмет, Мен саған өте ризамын. - Егер сен болмасаң, мен ешқашан мұны жасай алмас едім.

Сонымен қатар, осы бағдарлама аясында 8-11 сынып оқушыларына «Өзіңнің көңіл-күйіне әсер ет» бейнеролигі жіберіліп, оқушылармен онлайн форматта ақпарат таратылды.

«Өзіңнің көңіл-күйіңе әсер ет және оны жақсарт»



8-11 сынып оқушыларына «Қызылжар Абай ОМ» ҚҚ бағдарламасы бойынша кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу және стресске қарсы тұра білуге тәрбиелеу, агрессияны жеңу жолдарын үйрету мақсатында «Психикалық денсаулық» тақырыбында онлайн форматта ақпарат таратылды.



«Жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасы негізінде 8-11 сынып арасынан анықталған психологиялық қолдау тобы оқушыларымен жартылай құрылымдық сұхбат жүргізілді. Сұхбат нәтижесі бойынша 23 оқушымен кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

7, 8, 9, 10 сынып оқушыларынан Өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау мақсатында Овчарова Р.В. әдісі бойынша сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылардың өзіне деген сенімділік деңгейі қалыпты.

Аталған сыныптарға «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ролик жіберу арқылы пайдалы ақпарат берілді.

«Адам өмірі – басты құндылық» тақырыбында 8 сынып оқушыларына бейнеролик жіберілді.


9-11 сынып оқушыларынан Е.А. Климовтің «Дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы» алынып, нәтижелерімен таныстырылды, сонымен қатар мамандық таңдау, емтихан тапсыру мәселесі бойынша кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

5-8 сыныптардан «Әлімжеттілік пен зорлық-зомбылықты анықтауға» арналған сауалнама алынып, нәтижесі бойынша мектепте орта буын оқушылары арасында бопсалау анықталмады.

9-11 сынып оқушыларынан «Оқушының тұлғалық мазасыздану деңгейін анықтау» сауалнамасы алынып, оқушылардың емтихан қарсаңындағы мазасыздану деңгейі анықталды. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылармен мазасыздануды азайтып, өзіне деген сенімділікті арттыратын жаттығулар өткізілді.




11 сыныптардан Айзенктің «Психикалық күйін анықтау» тесті алынып, оқушылармен сұхбат жүргізіліп, «Емтиханға қалай дайындалу керек?», «Өз-өзіне деген сенімділікті арттыр», «Емтихан үстіндегі сенімділік» тақырыптарында жаттығулар жасауға кеңес берілді. Есте сақтау қабілеттерін жоғарылату мақсатында кинесиологиялық жаттығулар берілді.



Орта буын оқушыларына «Агрессияны қалай жеңуге болады?!», «Ашу мен агрессияны жеңу жолдары» бойынша кеңес берілді. Осы мақсатта оқушыларға электронды кітаптар берілді.

Психологтың жылдық жұмыс жоспары негізінде 5-11 сыныптар арасында «Адам өмірі – басты құндылық», «Өмірдің жеті кереметі», «Өмірің өз қолыңда» «Тұлғаның өзіне сенімділігін психологиялық дайындау», «Мен өмірді таңдаймын» тақырыптарында Zoom платформасы арқылы онлайн тренинг өтіп, онлайн презентация, бейнероликтер таратылды.



«Отбасындағы зорлық-зомбылық жағдайларын анықтау үшін кәмелетке толмағандар арасында жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын алу» мақсатында сауалнама алынды. Нәтижесінде 5-11 сыныптардың қыз балаларының танымайтын, бөтен адамдармен қаншалықты тіл табысатыны, кәмелетке толмағандар арасындағы жыныстық қатынастың қылмыс екенін білетіндері туралы ойлары анықталды. Оқушылар жыныстық тұрғыдан қысым көрген жақдайда кімнен көмек алу керектігі жайлы ойларымен бөлісті.

Осы мәселе негізінде мектеп медбикесімен, сынып жетекшілермен біріге «Қыз өссе елдің көркі» тақырыбында қыз балалармен жұмыс жүргізілді. Жиналыста қыз балалардың физиологиялық ерекшеліктері туралы айтылып, ерте жүктілік мәселесі төңірегінде бейнеролик көрсетіліп, мәселе талқыланды.



Ата-аналармен жүргізілген жұмыс

Бсынып ата-аналарына бейімделу үдерісін жеңілдету мақсатында жадынама үлестірілді.

5 сынып ата-аналарына жадынама

- ❖ Баланызға өзіңіздің мектепте оқыған кездеріңіз туралы әңгімелеп көңілің көтеріңіз.
- ❖ Сабақ үлгерімі, тәртібі, басқалармен қарым-қатынасы туралы үнемі мұғалімдермен әңгімелесіп отырыңыз.
- ❖ Өз баланыз оқытын мектептің ерекшелігін, бағдарламасын біліңіз.
- ❖ Үй жұмысын орындауға көмектесіңіз, бірақ өзіңіз орындамаңыз.
- ❖ Пәндерге деген баланың қызығушылығын арттыруға көмектесіңіз.
- ❖ Күн тәртібін реттеуге көмектесіңіз.
- ❖ Мектеп өмірінде өзгеріс (онлайн сабақ) болып жатқанда, үйде бірқалыпты, жайбаракат атмосфера орнатуға тырысыңыз.

5 сынып ата-аналарына жадынама

Негізінен бастауыш сыныптан орта буынға көшу балалық шақтың аяқталуымен сай келеді. Тәжірибе көрсеткендей бұндай кезеңді көптеген балалар өз өмірлеріндегі ең негізгі кезең деп қабылдайды. Олар өздерінің «кіші сыныптағы оқушымын» деп санамайды, және бұл кезеңді мақтан тұтады.

Егер баланыздың үлгерімі жақсы болса, өзіңіздің қуанышыңызды көрсетіңіз, кейде бұл үшін кішігірім мерекелер де ұйымдастыруға болады. Ата-ана үшін баға емес, баланың алған білімі маңызды екенін түсіндіріңіз. Сондықтан да баланызға білімнің қашан және не үшін керек екендігін түсіндірген дұрыс.

Ата-аналарға «5-сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері» тақырыбында арнайы кеңестер берілді.



Бесінші сынып оқушысы қандай қиындықтарға тап болады

1. Оқу жағдайының өзгеруі
2. Әртүрлі талаптар
3. Қадағалаудың жоқтығы



Бесінші сынып: тек жаңа сатыға өту ғана емес, сонымен бірге, жаңа даму кезеңі – **жасөспірімдік шақ.**

Баланың ойдағыдай бейімделіп келе жатқанын қалай түсінуге болады

1. Баланың білім алу барысына көңілі толады.
2. Бала оқу бағдарламасын оңай меңгеріп жатыр.
3. Оқу тапсырмаларын орындау кезінде баланың өз бетінше жұмыс жасау дәрежесі жоғары, тапсырманы алдымен өзі орындап көруге тырысқаннан КЕЙІН ғана ересектердің көмегіне жүгінуге дайын.
4. Сыныптастарымен және мұғаліммен тұлғааралық қарым-қатынастарына көңілі толады.




«Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» республикалық бағдарламасы бойынша құжаттар ретке келтірілді. Бекітілген жұмыс жоспары негізінде ата-аналармен ZOOM платформасы арқылы онлайн жиналыстар өткізілді. Жиналыста ата-аналарға «тағдыр сақшылары» жөнінде айтылып, суицидтің белгілерімен таныстырылды.



Қашықтан оқу барысында пайда болған психо-педагогикалық мәселе бойынша ата-аналармен байланыста болып, бірлесіп жұмыс атқарылды. Ватсап арқылы кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

«Қашықтан оқыту кезінде туындайтын қиындықтар» атты ата-аналарға арналған сауалнама алынды.

Ата-аналар жиналысынла қазіргі таңдағы көңіл бөлетін бір мәселесі: балалардың интернет тәуелділігі туралы айтылды. Осыған орай ата-аналарды буллинг, кибербуллинг терминдерімен таныстырып, бейнероликтер көрсетілді. Ата-аналарға баларының қандай әлеуметтік желілерде отыратынына көңіл бөліп, зиянды сайттарға шектеу қоюға, балаларымен жиірек бірге уақыт өткізуге кеңестер берілді.





Буллингтің қандай түрлері бар?

- жағымсыз, ерекше мінез-құлық, «азаптаушы» мінез-құлық, қауіпсіздік таралуы, әлеуметтік оқшаулану (мысалы, кітаптарын жасырып қою, қорқыту әрекеттері).
- бірудің мүлкіне зиян келтіру, итеру, аяқпен тебу, қолмен ұру, ұрып-соғу немесе көз келген күш қолдану.
- қалауынан тыс физикалық байланыс немесе жыныстық қорлайтын пікірлер.
- ат қою, сарказм, қауіпсіз, мазақтау.
- интернеттің барлық саласында, соның ішінде электронды пошталар мен интернеттегі чат арқылы буллинг, мәтіндік хабарлар мен қоңыраулар арқылы мобильді қауіп-қатер, тиісті технологияларды, мысалы, камералар мен видеоларды орынсыз пайдалану.
- бетеннің мүлкіне зиян келтіру, бопсалау. Мысалы, күш қолдану немесе қорқыту арқылы бірдеңе, әсіресе ақша беру талабы.

Мектебімізде 9 бен 11 сынып оқушыларының ата-аналарымен қорытынды аттестаттау мәселелері бойынша онлайн жиналысы өткізілді. Жиналыста мектеп психологы "Балаларға мемлекеттік емтиханға дайындалуға қалай көмектесу бойынша" кеңестер беріліп, ата-аналармен сұхбат жүргізілді.






■ Баланы тестілеу алдында қобалжытпаныз – бұл жағдай тестілеу нәтижесіне кері әсер етуі мүмкін. Балаға әрқашанда ата-анасының қобалжуы беріледі. Егер ересектер керек уақытында өздерінің эмоцияларымен күресе алмаса, әрине баланың да жасына сай эмоциясы "жарылады"



Барлық сыныптарда күн тәртібіне балалардың өзіне-өзі қол жұмсауды, зорлық-зомбылықты, кибербуллинг пен лудоманияны насихаттайтын сайттар мен әлеуметтік желілерде отыруларын шектеу керек екенін, сол үшін ұялы телефондарға, компьютер мен планшеттерге ата-аналардың бақылауы орнатылуы керектігі қойылған ата-аналар жиналысы өткізілді. Сонымен қатар, аниме жанрындағы мультфильмдердің бала психологисына кері әсері бойынша ақпараттар берілді.

Балалар үйдегі интернет тасығыштар (планшет, ұялы телефон, компьютер) арқылы әр түрлі сайттарға кедергісіз кіреді, ол сайттарда не нәрсеге тап болулары мүмкін???

1. Өзіне-өзі қол жұмсауға итермелейтін топтарға, ойындарға;
2. Зорлық-зомбылықтар туралы көріп, өздерінің әлі қатаймаған саналарына сол зомбылықты сіңіріп, қаталдыққа, жауыздық пен қатыгездікке үйренеді.



«Зиянды мультфильмнің» белгілері

Аушылық білдірмейтін, кейде тіпті ұқсаныс кейіпкерлер қолданылады. Негізгі кейіпкерлер сүйкімі немесе тіпті әлемі болуы керек, ал жағымсыз кейіпкерлер - керісінше → Сонда бала мультфильм кейіпкерлерінің әрекеттерін бағалау критерийлерін қалыптастырмайды. Бала жағымсыз кейіпкерлерге еліктеуге мәжбүр болған кезде баланың ішкі өзінің сапасы сөзсіз ардан шегеді;



Аутизм синдромының себептері

1. Орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан
2. Тұқымқуалаушылық фактордың әсері
3. Мидың органикалық зақымдалуы
4. Тұқымқуалаушылық хромосомалық өзгерістер
5. Анасы жүкті және туу кезінде алған жарақаттар
6. Нейроинфекциялар

2сәуір - Бүкіләлемдік аутизм жайлы ақпарат тарату күні. Осыған орай мектебіміздің ата-аналарына, мұғалімдеріне аутизм синдромының себептері, белгілері, оны түзеу үшін жасалынатын коррекциялық жұмыстар туралы ақпарат таратылды.

Мұғалімдермен жүргізілген жұмыс

Тәуекел тобына енетін оқушыларды анықтау үшін сынып жетекшілермен байланыс орнатылды. Анықталған оқушылар сынып жетекшілермен байланыс орната отырып, бақылауда болды.

Сонымен қатар мектеп мұғалімдеріне 5сынып оқушыларымен жұмыс жүргізу бойынша жадынама жіберілді.

5 сыныптың мұғалімдеріне жадынама

Бала сізден қорықпасын десеніз:

- ❖ Оның қателерін кешіруге,
- ❖ Жазаламауға,
- ❖ Айтқандарына мән беруге,
- ❖ Досы секілді жақындауға,
- ❖ Мейірімділікті аямауға,
- ❖ Сүйсіспеншілігіңізді көрсетуге тырысыңыз.

Балалар сізден жалынқасын десеніз:


- Сан рет қайталаудан,
- Үстіне түсіп әрдайым объектеуден,
- Әр қадамын аңдудан,
- Берген сөздеріңізді ұмытудан аулақ болыңыз!

Күтілетін нәтиже: Психологиялық дені сау тұлға қалыптастыру; Мектептегі, жанұядағы басқа адамдармен жақсы қарым-қатынас; Өз-ойын еркін жеткізе алуы; Болашақта қоғамның негізін қалаушы, мәдениетті, рухани бай азаматты тәрбиелеу.



«Қызылжар Абай ОМ» ҚҚ «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы негізінде мектеп мұғалімдеріне «суицид вахтерлары» жұмысы туралы ақпарат беру мақсатында слайдтар жіберілді.

Ақпаратты тарату мақсаты: мұғалімдер мен кіші персоналдың оқушылардың мектептегі жай-күйін қадағалау, олардың сабақ үдерісінде немесе мінез-құлқында көрінген өзгерістер бойынша сынып жетекшіні немесе психологты хабардар ету.



Суицидтің алдын алу

Суицидтің алдын алу үшін мұғалімдер мен ата-анаға қажетті мақалалар мен жинақтарды мұғалімдерге және ата-аналарға тарату.

Суицидтің алдын алу

Суицидтің алдын алу үшін мұғалімдер мен ата-анаға қажетті мақалалар мен жинақтарды мұғалімдерге және ата-аналарға тарату.

Суицидтің алдын алу

Суицидтің алдын алу үшін мұғалімдер мен ата-анаға қажетті мақалалар мен жинақтарды мұғалімдерге және ата-аналарға тарату.

Суицидтің алдын алу

Суицидтің алдын алу үшін мұғалімдер мен ата-анаға қажетті мақалалар мен жинақтарды мұғалімдерге және ата-аналарға тарату.

Педагогикалық ұжымға «Дарынды балалардың психологиясы» тақырыбында ақпарат берілді. Мақсаты мұғалімдерге өз оқушысы бойынан тұлғалық белгілер мен іскерлік сапаларды көруге көмек беру.

Дарындылық дәрежесі

- Бірінші - дарындылықтан жоғары балалар, оларды данышпандар деп атайды. Бұлар өте аз кездесетін топқа жататындар, он мың адамнан біреу ғана шығатындар.
- Екінші - дарындылықтан биік, немесе талантты балалар (2-3 %)
- Үшінші - жеке дарындылық (15-25 %). Қалған балалар нормаға сәйкес (70 %) және 2-5% балалар ақыл- ойы жағынан қалыс қалғандар.



Дарынды балалар мінезінің типтері

- 1 - тип - қозғалғыш, көңілді, ашық, сөйлеу қабілеттілігі дамыған, көшбасшы, фантазер.
- 2 - тип - тұйық, тыныш, ойшыл, жасқаншақ, ұялшақ, қорқақ.



Мұғалімдерге ұсыныстар:

1. Мұғалім оқыту барысында жарыс элементтерін жиі қолданатын әдістерге көп көңіл бөле бермеуі керек. Дарынды балалар жиі жеңімпаз болады, сөйтіп оқушылардың ашу-ызасын тудырып, жағымсыз атмосфераның қалыптасуына әсер етуі де мүмкін.
2. Мұғалім басқа балалардың алдында дарынды баланы вундеркинд жасаймын деп тырыспағаны жөн. Оның жетістіктері өз деңгейіне сай (артық немесе кемітп емес) бағалауы тиіс.
3. Оның қабілеттілігін байқамағандай болу - мұғалім жағынан кеткен үлкен қателік, кешірілмейтін кемшілік.
4. Құштеумен айналыспау, баланың өзіне әрекет етуге көмектесу.



Педагогикалық ұжымға психологиялық қолдау көрсету мақсатында «Мен ғажайыппын» атты мотивациялық бейнеслайдтар жіберілді.

Қашықтықтан оқыту барысында мектебіміздің мұғалімдеріне "эмоциялық күйіп кету" қалпына түсіп кетпеу үшін психологиялық кеңестер берілді.

Осы нikanаның көмегімен ӨЗІҢІЗДІ ТЕКСЕРІҢІЗ:

Жоғары жұмыс тиімділігі, негізінен жақсы көңіл-күй және еңбек етуге құштарлық, нәтижеге қанағаттану.	Эмоциональді «күйіп кету» белгілері жоқ
Жоғары немесе төмен сезімталдық, әсері, жұмыс туралы ойлағанда үрейлену немесе ашулану, әріптестермен қарым-қатынаста қиындықтарға тап болу, жұмыс тиімділігі төмен, пессимизм.	Кейбір эмоциональдік «күйіп кету» белгілері бар
Үйкесімділік және тыныссыз сезімі, бас ауыруы, жұмыс істеуге құлық/күш жоқ, өз қал-жағдайын бақылауда ұстау қиын, депрессия, селсіздік немесе үрей, жұмыс тиімділігі төмен, негативизм.	Анық белгілері бар «күйіп кету» белгілері

ӨЗІҢІЗГЕ КӨМЕКТЕСІҢІЗ:

3. Жүктемені азайтыңыз, мейрамдарда және демалыстарда жұмыс істемеңіз. Осылай істеу үшін жұмыс күндері жұмыс уақытын және жұмыс орнын ұйымдастыру жағын қайта қарау керек болар, әрі істерді «маңызды», «шұғыл» және «шұғыл, бірақ маңызды емес» деп бөлу керек болар.
4. Дұрыс тынығыңыз: сөйлесуді қысқартыңыз немесе телефонды өшіріп қойыңыз, әлеуметтік желілерге кірменіз, өзіңізге және отбасыңызға, сүйікті хоббиге көңіл бөліңіз, өзіңізге қызықты және ұнамды кітаптарды және фильмдерді ғана оқыңыз және көріңіз.

2020-2021 оқу жылы бойынша жұмыстың қорытындысы:

Оқу жылының I жарты жылдығы онлайн форматында өтті. Оқушылармен психологиялық диагностика, түзету-дамыту, психологиялық ағарту және кеңес беру жұмыстары онлайн түрде сынып чаттары, жеке хабарласу арқылы жүргізілді.

5 сыныптардың орта буынға бейімделуін психологиялық сүйемелдеу жұмысы. 5 сыныптардың орта буынға бейімделуін психологиялық сүйемелдеу жұмыстары оқушылармен, 5 сынып ата-аналары мен сынып жетекшілерімен жүргізілді. Арнайы жадынамалар мен бейнероликтер жіберілді. Оқушылардан оқу мотивациясын анықтау сауалнамасы алынды.

Психологиялық диагностика жұмысы. Орта буын оқушыларынан «Әлімжеттілік пен зорлық-зомбылықты анықтауға», «Өзін өзі бағалау» Овчарова Р.В. әдістемесі бойынша психологиялық диагностика жұмыстары жүргізілді.

Суицидтің алдын алу жұмысы. «Жасөспірімдердің физикалық-психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы бойынша 8, 9, 10, 11 сыныптардан сауалнама алынып, нәтижесі бойынша ағарту, кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Кәсіби бағдар беру жұмысы. 9-11 сыныптардан Е.А. Климовтің «Дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы» алынды.

Алынған диагностика нәтижелері өңделіп, хаттамалары толтырылды. Және нәтижесі бойынша оқушылармен жекелеген жұмыстар ұйымдастырылды.

Психологиялық түзету-дамыту жұмыстары. Психологиялық тренингтер әр түрлі тақырыптарда онлайн форматта ZOOM платформасы арқылы өткізілді.

Мұғалімдермен жұмыс. Мектептің педагогикалық ұжымына қашықтан оқыту форматында кәсіби күйзелуге ұшырамау кеңестері бейнероликтер арқылы жіберіліп отырды. Жекелеген кеңес беру жұмыстары өткізілді.

Ата-аналармен жұмыс. Ата-аналар жиналыстары ZOOM платформасымен ұйымдастырылып отырды.